

## **7M01506 – «ГЕОГРАФИЯ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ»**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 7M01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша мамандар даярлау

**Берілетін дәрежесі:** «7M01506 – География педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылымдар магистры

**Бағдарламаның типі:** магистратура 7 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 120 академиялық кредит/120ECTS

#### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

##### ***1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

«7M01506 – География педагогін даярлау» білім беру бағдарламасының түлегі өз кәсіби қызметін:

- орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарында және өндірістік қызмет;
- білім беру саласында және өндірісте, мамандандыруға сәйкес біліктілікті арттыру саласында ғылыми-зерттеу қызметі;
- магистрінің алған біліктілігіне сәйкес басқару қызметі салаларында жүзеге асыра алады.

##### ***1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары***

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);
- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

### ***1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері***

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

### ***1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері***

#### ***Оқытушылық:***

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

#### ***Тәрбиелік:***

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

#### ***Әдістемелік:***

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану;

#### ***Зерттеушілік:***

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;

- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

**Әлеуметтік коммуникативтік:**

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

**Ұйымдастыру-басқару:**

- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- кәсіпорындардың экономикалық қызметін ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;
- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнама нормаларын практикада қолдану

### БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

**ON1** – ғылыми зерттеулер контекстінде ерекше идеяларды қолдану мен дамытуға негізделген дамытылатын білімдер мен түсініктерді, сондай-ақ география ғылымның аясында зерттеу әдістерін игеруді көрсете білу;

**ON2** – жаңа ортада пәнаралық байланыстар аясында стандартты емес жағдайларда аналитикалық және басқарушылық міндеттерді шешу үшін өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

**ON3** – алынған ақпараттар негізінде әлеуметтік-этикалық ойларды ескере отырып білімді интеграциялауды және талдап бағалап түсінік беруді жүзеге асыру;

**ON4** – өз нәтижелерін коррекциялауын нақты және тиянақты түрде жүргізу, қажетті қорытындылар мен негіздемелерді жасау, сондай-ақ әр түрлі тұрғысынан дұрыс және қисынды пікірлерді жеткізе білу;

**ON5** – оқуды өз бетінше одан әрі жалғастыру және кәсіби қызметі үшін қажетті оқу дағдыларды қолдана білу.

**Пәндер туралы мәліметтер**

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Оқытудың күтілетін нәтижелері (коды)				
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5
<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ ЖОО компоненті</b>								
1	<b>Ғылым тарихы мен философиясы</b>	Пән ғылыми жетістіктердің қалыптасу үдерісін және адамзаттың түрлі дәуіріндегі философиялық ойлардың дамуын зерттейді. Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі философиялық түсініктер мен теориялар, сондай-ақ олардың заманауи ғылымға әсері қарастырылады. Философия және ғылым тарихы пәнін зерттеудің негізі-теорияларды, зерттеу әдістерін, сондай-ақ философия ғылымындағы онтологиялық және эпистемологиялық бағыттарды толық қамту.	4	+		+		
2	<b>Шет тілі (кәсіптік)</b>	Курс магистранттардың мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалды құзыреттерін қалыптастыру арқылы ғылыми таным шекарасын кеңейтуге бағытталған; филология ғылымының жаңа бағыттарын дамыту үшін шетел тілі ресурстарымен өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын жетілдіру және ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде ғылыми жетістіктерді мойындау.	5	+			+	+
3	<b>Педагогикалық-психологиялық білім (Жоғары мектеп педагогикасы / Басқару психологиясы)</b>	Пән жоғары мектеп педагогикасының зерттеу бағытын, құрылымын, жалпы гносеологиялық оқу жүйесін; кәсіби-педагогикалық диалог құралдарын қолдану арқылы педагогиканың дамуының эмпирикалық базасын және жаңа әдістерін; қазіргі психологиялық басқарудың бағыттары мен принциптерін, әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық стратегиясын таңдауды; онтогенез кезеңдерінде тұлғаны қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық білім берудің ерекше заңдылықтарын қарастырады.	6		+	+		+
<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ Таңдау компоненті</b>								
4	<b>1. География ғылымының тарихы мен әдіснамасы</b>	Географияның әдіснамалық негіздері; географиялық бірліктерді зерттеу тарихы; қазіргі географияның мәселелері, әдістері, құрылымдық ұйымдастырылуы; географиялық ғылымның тұтастығы мәселесі; иерархия құру; табиғи, әлеуметтік-экономикалық жүйелер; жаһандық және аймақтық мәселелердің географиялық	5	+	+		+	

		аспектілері; географияның даму болашағы қарастырылады. Заң және теориялар, географиядағы жалпы өзара байланыс принципі, кешенді географияның геожүйелік концепциясын меңгеру, идеяларды, қорытындыларды аудитория алдында хабардар ете білу.						
	<b>2. Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері</b>	Ғылыми географиялық идеялардың тарихы; География туралы теориялық түсініктерді жаратылыстану, қоғамдық пәндердің біртұтас жүйесі ретінде дамыту; қазіргі әдіснамалық негіздері, географиялық ғылымның мәселелері қарастырылады. География ғылымына кең көзқарасты қалыптастыруға, оның мәнін түсінуге, жетістіктер мен шешілмеген міндеттерді, әлемдік географияның жаңа бағыттарын дұрыс бағалауға; идеяларды, қорытындыларды рефераттау, оларды жария етуге, ақпараттандыруға дағдыланады.						
5	<b>1. Географиялық зерттеулердің заманауи әдістері</b>	Географиялық ақпаратты алудың әр түрлі жолдары, олардың ерекшеліктері қарастырылады. Географиялық зерттеу әдістерін қолдану, аймақтық ерекшеліктерді анықтау үшін географиялық ақпаратты талдау, табиғатта және қоғамдағы құбылыстардың кеңістіктік және уақытша өзгеруіне талдау жасау. Табиғи ортаны зерттеуде (ГАЗ, қашықтықтан зондтау және т.б.) жалпы ғылыми және пәндік-географиялық, заманауи технологиялар және оларды зерттеу тұрғысында проблемаларды шешуге қолдану.	5	+	+	+		
	<b>2. Географиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы</b>	Ғылыми зерттеулердің теориясы мен практикасы, табиғи және табиғи-антропогендік жүйелердің географиялық зерттеу әдістері қарастырылады. Табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың өзара байланысы-өндірістік күштердің аумақтық үйлесімдерін анықтау және талдау үшін басты теориялық алғышарттар. Геоақпараттық жүйелер және Жерді қашықтықтан зондтау деректері және оларды зерттеу контексінде проблемаларды шешу кезінде қолдану						
6	<b>1. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау</b>	Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздері, инновациялық ғылыми технологиялар, ҒЗЖ жоспарлау және ұйымдастыру кезеңдері қарастырылады. ҚР ғылыми кадрларды даярлау жүйесі. Ғылыми Ақпарат және ақпаратты іздеу тәжірибесі. Білімді, зерттеу әдістерін, ақпараттық мәдениетті көрсету және ғылыми зерттеулердің бағыттарын ескере отырып, өз пайымдауларын қалыптастыру, оларды жария ету, ақпараттандыру дағдыларын қалыптастырады.	5	+	+		+	
	<b>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістері</b>	Ғылыми зерттеулер, олардың жіктелуі, мәні, нысандары және зерттеу әдістері, зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері қарастырылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезеңдері. Зерттеудің методологиялық, процедуралық						

		бөлімдері. Ғылыми ақпаратты жинау дағдыларын қалыптастыру, ғылыми, оқу және анықтамалық-ақпараттық басылымдармен жұмыс істей білу, ҒЗЖ қорытындыларын жариялау және рефераттау						
<b>КӘСІПТІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ</b> <b>ЖОО компоненті / таңдау компоненті</b>								
7	<b>Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) геоинформатика негіздерімен</b>	Кеңістіктік деректерді жинау, сақтау, талдау және графикалық визуализациялау үшін пайдаланылатын ГАЗ оқытылады, сандық карталарды іздеуге, талдауға және редакциялауға мүмкіндік беретін құралдарды қамтиды. Кестелік, мәтіндік, картографиялық бизнес-деректерді, демографиялық, статистикалық, жер, мекенжай және т.б. ақпараттарды талдаудың көпфункционалды құралдары қарастырылады. Оқуды өз бетінше жалғастыру үшін ақпараттық мәдениетті көрсету және пәнаралық байланыстарды интеграциялау дағдыларын қалыптастырады	6	+		+		
8	<b>1. ЖОО-да және орта кәсіптік мектепте географияны оқыту әдістемесі</b>	Географияны оқыту әдістемесінің мәселелері, оның басқа ғылымдармен байланысы қарастырылады. Оқытудың заманауи әдістерін меңгеруге ықпал етеді. Қазақстандағы оқыту әдістемесін жаңарту. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту мәселелері. Бағалау критерийлері, әдістері, формалары. Пәннің тәрбиелік-білім беру функциялары. Аудиториядан тыс сабақтар. Кәсіби және басқарушылық мәселелерді шешуде шығармашылық көзқарас дағдыларын қалыптастырады, әрі қарай өз бетінше даму үшін білімін интеграциялайды.	6	+		+		
	<b>2. Жоғары мектепте географияны оқытудың инновациялық әдістері</b>	Педагогикалық қызметтің мәні мен педагогикалық шеберлікті құрайтын білім, оның бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту үшін маңызын ұғыну, оқу үрдісінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, оқытудың қазіргі заманғы технологияларының мүмкіндіктері, білім берудегі инновациялық тәсілдерді жүзеге асыру арқылы қалыптасады. Кәсіби, басқарушылық мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілдер дағдыларын қалыптастырады, әрі қарай өз бетінше даму үшін білімді интеграциялайды.	6	+		+		+

9	<b>1. Физикалық географияның іргелі мәселелері</b>	Кешенді физикалық географияның іргелі мәселелері және ғылымның болашағы зерттеледі. Ғаламдық табиғи кеңістікті ұйымдастырудың негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктері, оның дифференциациясы, қазіргі кезеңдегі дамудың негізгі проблемаларын бөліп көрсету; кеңістіктік, уақытша өлшеу; ғылымдағы ішкі байланыстар, болжам, жоспарлау мәселелері. Ғылыми зерттеу әдістері мен тұжырымдарды, өзінің пайымдаулары мен ҒЗЖ мәселелерін көпшілікке ақпараттандыруда қолданылады.	5	+		+	+	
	<b>2. Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның іргелі мәселелері</b>	"Табиғат–халық-шаруашылық" жүйесіндегі аумақтық өзара іс-қимыл туралы экономикалық және әлеуметтік географияның іргелі мәселелері, жаһандық деңгейде еңбектің географиялық бөлінісінің ықпалымен қалыптасатын халықтың, табиғатты пайдаланудың, шаруашылықтың кеңістіктік құрылымы; экономикалық және әлеуметтік географияның әдістері мен ғылыми бағыттары оқытылады. Зерттеу әдістерін меңгеру, қорытындыларды, өзінің пайымдаулары мен ҒЗЖ мәселелерін шешу дағдыларын қалыптастырады.						
10	<b>1. Географиялық білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамалары</b>	Қазақстан Республикасы мен әлемде географиялық білім беру мен ағартуды дамытудың негізгі бағыттары, принциптері, мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттарына көзқарастар жүйесі зерттеледі, сондай-ақ оны іске асыру тетіктерін анықтайды. Магистранттың өзіндік танымдық қызметін дамыту арқылы жалпы мәдени деңгейін көтеруді қамтамасыз ете отырып, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласында білім мазмұнын интеграциялау қабілетін қалыптастырады.	6	+		+		+
	<b>2. Тұрақты даму контекстіндегі географиялық ғылым</b>	Пән физикалық және әлеуметтік-экономикалық географияның қазіргі өзекті және ғаламдық мәселелерін қарастырады. Қоғамның тұрақты дамуы, адамның тұрақты даму тұжырымдамасының аспектілері, кеңістікті жаһандық моделдеу, тұрақты даму индикаторлары, ҚР тұрақты даму концепциясына көшу принциптері туралы білімді қалыптастырады, магистранттың өзіндік танымдық қызметін дамыта отырып, адамзат пен қоршаған орта арасындағы байланысты талдайды және зерттейді.						
11	<b>1. Географиялық ортаның құрылысы мен даму заңдылықтары</b>	Географиялық ғылымдағы "орта" санаты, оның ұғымдық-терминологиялық талдауы; оның құрылысы; географиялық орта компоненттерінің өзара байланысы және өзара шарттылығы, заттар мен энергия алмасуының рөлі; географиялық ортаның функционалдық модификациялары оқытылады. Зерттеу әдістерін пайдалану, пәнаралық контексте мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарас, жеке пікірлерді қалыптастыру, оларды көпшілікке хабарлау және оқуды өз бетінше	4	+	+	+	+	+

		жалғастыру дағдыларын қалыптастырады						
	<b>2. Жердің дамуы және географиялық заңдылықтар</b>	Жердің дамуы, географиялық заңдылықтары; Күн жүйесіндегі жер; географиялық қабықшалардың өзара әрекеттесуі, заттардың, энергияның, ақпараттың айналымы, космогеникалық гипотезалар; Жердің жаһандық эволюциясының теориясы; мобилизм; аймақтылық, азоналдылық және интроналдылық заңдары, олардың көріністері, секторлық зерттеледі. Зерттеу әдістері, пәнаралық контексте мәселелерді шешу, жеке пікірлерді қалыптастыру, оларды жария ақпараттандыру және оқытуды өз бетінше жалғастыру әдістері пайдаланылады						
12	<b>1. Жаһандық география және қазіргі әлемнің жаһандануы</b>	Планетарлық процестердің, құбылыстардың кеңістіктік бөлінуі; жаһанданудың мәні мен процестері; оның оң және теріс аспектілері зерттеледі. Жаһандық, интеграциялық және экономикалық үдерістер; адамзаттың жаһандық мәселелері, Қазақстан мен әлемде жаһанданудың көріністері. Әлеуметтік, этикалық, ғылыми пайымдауларды ескере отырып, өз пікірлерінің пәнаралық контекстіндегі проблемаларды түсінуді қалыптастырады, зерттеу құзыреттерін үздіксіз қалыптастыру үшін білімді біріктіреді						
	<b>2. Табиғатты пайдалануды басқару мен болжаудың географиялық мәселелері</b>	Табиғатты пайдалануды басқару мен болжаудың географиялық мәселелері, ресурстарды пайдалану мен аймақты аумақтық басқару мәселелері, постиндустриалдық әлемнің экологиялық проблемалары зерттеледі. Әлемдік өркениет дамуының қазіргі кезеңінің жаһандық мәселелері. Географиялық негіздер, басқару, табиғат пайдалануды болжау мәселелері туралы мәселелерді түсінуге ықпал етеді, зерттеу құзыреттерін үздіксіз қалыптастыру үшін әлеуметтік, этикалық, ғылыми пайымдауларды ескере отырып, білім мен жеке пікірлерді біріктіреді	6	+	+	+		+
13	<b>1. Климаттың өзгеруі және шөлейттенудің қазіргі заманғы мәселелері</b>	Жаһандық жылыну және климаттың өзгеруі; Ландшафттардың экологиялық тозуы зерттеледі. Шөлейттену, табиғи және антропогендік процестердің әсерінен оның қарқыны. Қазіргі климаттың өзгеруі мен шөлейттенудің табиғи және әлеуметтік-экономикалық салдарларын талдау. Табиғи және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің климаттық өзгерістерге бейімделуі. Өзіндік пікір, тұжырым дағдыларын қалыптастыруға, мәселелерді шешуге және одан әрі өз бетінше дамыту үшін білімді біріктіруге ықпал етеді	6	+		+	+	+
	<b>2. Геодинамикалық процестер мен табиғи апаттар</b>	Геодинамикалық процестер, оларды болжау және олардың салдарларын модельдеу әдістері, алдын алу қорғаныс шаралары мен қорғау тәсілдерін анықтау қарастырылады. Табиғи апаттардың түсінігі және мәні. Жердегі төтенше жағдайлардың алдын алуды және салдарын жоюды ұйымдастыру. Агроклиматтық қауіптер және тәуекелдер. Өзіндік пікір, тұжырым дағдыларын қалыптастыруға,						



		мәселелерді шешуге және одан әрі өз бетінше дамыту үшін білімді интеграциялауға ықпал етеді						
	<b>МҒЗЖ, тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда</b>	ҒЗЖ мазмұны ғылым мен практиканың теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделеді; ғылыми танымның шекарасын үнемі жаңартып, кеңейтуді, кәсіби-педагогикалық диалогтың маңыздылығын түсінуді, географиялық білімнің ғылыми салаларын пәнаралық кең контексте интеграциялауды қамтамасыз етеді; өзінің зерттеу қызметінің нәтижелері туралы көпшілікке хабарлау үшін қажетті коммуникативтік сауаттылықты меңгеруге бағытталған.	24	+	+	+	+	+